

No. 43455

**Kazakhstan
and
Tajikistan**

Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Tajikistan on the promotion and protection of investments. Dushambe, 16 December 1999

Entry into force: *20 November 2001 by notification, in accordance with article 11*

Authentic texts: *Kazakh, Russian and Tajik*

Registration with the Secretariat of the United Nations: *Kazakhstan, 19 January 2007*

**Kazakhstan
et
Tadjikistan**

Accord entre le Gouvernement de la République du Kazakhstan et le Gouvernement de la République du Tadjikistan relatif à la promotion et à la protection des investissements. Douchambé, 16 décembre 1999

Entrée en vigueur : *20 novembre 2001 par notification, conformément à l'article 11*

Textes authentiques : *kazakh, russe et tadjik*

Enregistrement auprès du Secrétariat des Nations Unies : *Kazakhstan, 19 janvier 2007*

[KAZAKH TEXT – TEXTE KAZAKH]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ мен

ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау
туралы

К Е Л І С І М

Төменде «Уағдаласушы Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі

екі Уағдаласушы Тарап арасындағы экономикалық ынтымақтастық нығайтуға және кеңейтуге тілек білдіре отырып,

бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының екінші Уағдаласушы Тарап аумағында күрделі қаржы жұмсауын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға тілек білдіре отырып,

Келісімге сәйкес инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау Уағдаласушы Тараптардың экономикалық дамуына жәрдемдесетін болады деп тани отырып,

мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап. Айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. «Инвестициялар» термині мүліктік құндылықтардың барлық түрлерін және оларға құқықтарды, сондай-ақ пайда (табыс) алу мақсатында инвесторлардың кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салатын зиялылық меншік құқықтарын білдіреді және тек қана осылар емес, атап айтқанда:

- қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікті және кепілдемелерін қоса алғанда, осыларға байланысты кез келген басқа да мүліктік құқықтарды, ипотекаларды немесе банктер мен басқа да қаржы мекемелерінің есептеріндегі өзге де кепілдемелер мен қаржыларды ұстау құқығын;

- акцияларды, салымдарды (пайларды), облигацияларды және Уағдаласушы Тараптардың әрқайсының заңдарына сәйкес тіркелген кәсіпорындарға, акционерлік қоғамдарға, шаруашылық серіктестіктерге, бірлестіктерге және заңдарда мойындалатын өзге де заңды тұлғаларға қатысудың кез келген басқа да нысандарын;

- заемдарды, несиелерді, мақсаткерлік банк және қаржы салымдарын және инвестициялардың жүзеге асырылуына байланысты өзге де ақшалай талаптарды;

- авторлық құқық қорғайтын объектілерді, патенттерді, тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін, фирма атауларын, өнеркәсіп үлгілерін, шаруашылық құпиялары мен «ноу-хауды» қоса алғанда, зиялылық және өнеркәсіптік меншіктерінің объектілеріне құқықтарды;

- табыстардың және кредиттік келісімдер бойынша негізгі қарыз бен пайыздардың төленуін реинвестициялауды қамтиды.

2. «Инвестор» термині:

а) Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңдарына сәйкес олардың біреуінің азаматы болып табылатын жеке тұлғаны;

б) Уағдаласушы Тараптардың біреуінің мемлекет қолданысындағы заңдарына сәйкес құрылған кез келген заңды тұлғаны;

в) Уағдаласушы Тараптардың біреуінің мемлекет заңдарына сәйкес құрылмаған, бірақ тап сол Уағдаласушы Тараптың мемлекетінің жеке тұлғалары немесе заңды тұлғалары тікелей немесе жанама түрде оған бақылау жасайтын заңды тұлғаны білдіреді.

3. «Табыстар» термині:

Кәсіпорынды басқарғаны, техникалық қызмет көрсеткені үшін түскен пайданы, дивиденттерді, сыйақыларды қоса алғанда, инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде немесе соларға байланысты алынған қаржыларды немесе заттай жолмен алынған кез келген басқа да қаржыларды білдіреді.

4. «Аумақ» термині:

Халықаралық құқыққа сәйкес Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері оларға өздерінің егеменді құқықтары мен юрисдикциясын жүргізетін еркін экономикалық аймақтарды, континентальдік шельф пен жер қойнауларын қоса алғанда, Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік аумағын білдіреді.

5. Аумағында инвестиция жүзеге асырылған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдары мен басқа да нормативтік актілеріне сәйкес рұқсат етілген инвестициялар нысандарының өзгеруі оның инвестиция ретіндегі сипатын өзгертпейді.

2-бап. Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына жәрдемдесетін болады және мұндай инвестицияларға өздерінің заңдарына сәйкес рұқсат беретін болады.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестициялары үшін әділетті және тең құқықтық

режимді қамтамасыз ететін болады және осы инвестицияларды басқаруға, қызмет етуіне, пайдалануға немесе жұмсауға бассыздық немесе кемсітушілік шаралары арқылы қысымшылық көрсетпейтін болады.

3-бап. Инвестициялардың құқықтық режимі

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағында инвестицияларға қатысты өздерінің инвесторларының инвестицияларына немесе үшінші бір елдер инвесторларының инвестицияларына жасалатын режимнен кем болмайтын қолайлы режимді қамтамасыз етеді.

2. Аталған режим:

а) Уағдаласушы Тараптардың біреуі олармен бірге еркін сауданың кедендік немесе экономикалық одағына қатысуымен байланысты жекелеген елдердің инвесторларына беретін артықшылықтарға;

б) Уағдаласушы Тараптардың біреуі қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім немесе салық мәселелері жөніндегі басқа да келісімдер негізінде жекелеген елдердің инвесторларына беретін артықшылықтарға қолданылмайды.

4-бап. Инвестицияларға кепілдіктер

Уағдаласушы Тараптардың біреуінің инвесторлары инвестицияларының реквизициялануы, национализациялануы, экспроприациялануы немесе оларға реквизиция, национализация, экспроприация (бұдан өрі-экспроприация) тәрізді зардаптарға ұшырататын өзге де шаралардың қолданылуы мүмкін емес, бұған экспроприация қоғамдық мүдде үшін жүзеге асырылған жағдайлар және мынадай:

- экспроприацияны жүзеге асыратын Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдар белгілеген тәртіпке сәйкес;
- кемсітушіліксіз;
- тиісті өтемақыны кешеуілдетпей төлеу арқылы жүргізілген жағдайлар қосылмайды.

Өтемақы инвесторға экспроприация туралы белгілі болған сәттегі экспроприацияланған инвестицияның нарықтық әділ құнына тең болуға тиіс.

Өтемақы қолданыстағы пайыздық ставкаларға сәйкес келетін және экспроприациялану уақыты мен өтемақы төлеу уақыты арасындағы кезеңге есептелген пайыздарды қамтуға тиіс.

Өтемақы инвестиция жүзеге асырылған валютада немесе инвестордың келісімімен кез келген басқа валютада төленеді. Өтемақы шетелге шектеусіз түрде және себепсіз кешеуілдетпей аударуға жатады.

5-бап. Шығынды жабу

Екінші Уағдаласушы Тарап өз аумағында соғыс немесе басқа да әскери шиеленіс, төтенше жағдай, азаматтық қақтығыстар немесе сондай жағдайлар нәтижесінде инвестицияларына зиян шектірілген Уағдаласушы Тараптардың біреуінің инвесторларына жоғарыда аталған жағдайлардың шеккен зиянының орнын толтыру кезінде өздерінің инвесторына немесе үшінші бір елдердің инвесторларына қатысты қолданылатын режимнен кем болмайтын қолайлы режим жасалады.

6-бап. Инвестицияларға байланысты төлемдерді аудару

1. Уағдаласушы Тараптар инвестицияларға байланысты барлық қаржы аударымдарды Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдары белгілеген, онда:

- еркін аударым құқығының бұзылмауын ескере отырып, осындай аударымдарды рәсімдеу ережелері;
- аударылатын сомалардан алынатын салықтарды, алымдарды ұстау;
- кредиторлардың заңды құқықтарын қорғау немесе сот қарауы барысында шығарылған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету көзделген рәсімге сәйкес еркін түрде және себепсіз кешеуілдетпей жүзеге асырылатынына кепілдік береді.

Осы бапта көрсетілген рәсім әділ және кемсітушіліксіз түрде жүргізілуге тиіс.

Осы Келісімде аударымдар мыналарды:

- бастапқы инвестицияланатын қаржыны, сондай-ақ инвестицияларды қолдауға немесе кеңейтуге пайдаланылатын кез келген шетелдік қосымша қаржыны;
- пайданы;
- осы Келісімнің 4-бабына сәйкес өтемақыны;
- инвестициялық дауды шешу кезінде туындайтын төлемдерді;
- кредиттік келісімдерге сәйкес төлемдерді, сондай-ақ кредиттік келісімдерге сәйкес төлемдерді, сондай-ақ зиялылық және өнеркәсіптік меншік құқықтарына байланысты сыйақыларды, басқару, техникалық және сервистік қызмет көрсету туралы келісімдер бойынша төлемді;
- осы Келісімнің 5-бабына сәйкес шығынды жабудағы төлемдерді;